

1. **Тиісті нұсқасын таңдап, сөйлемді толықтырыңыз.**  
Дополните предложения, выбрав соответствующий вариант.

тақырып бойынша

тақырыбы бойынша

- 1) Қандай *тақырып бойынша* маркаларды жинайсың?
- 2) Сіз төсбелгілерді «Өсімдіктер» *тақырыбы бойынша* жинайсыз ба?
- 3) Мен жапсырмаларды «Жануарлар әлемі» *тақырыбы бойынша* жинаймын.
- 4) Ол ойын дискілерін екі *тақырып бойынша* жинайды.
- 5) Менің бөлемнің алғашқы жинағы «Ғимараттар» *тақырыбы бойынша*.

2. **Шығыс септігінің тиісті жалғауын жалғап, үлгі бойынша жазыңыз.**  
Добавьте нужное окончание исходного падежа, напишите по образцу.

...нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен астам

100 - <i>жүзден астам</i>	220- екі жүз жиырмадан астам
50 - елуден астам	40 - қырықтан астам
10 – оннан астам	60 – алпыстан астам
230 – екі жүз отыздан астам	1000-мыңнан астам
90 - тоқсаннан астам	1 млн – (бір) миллионнан астам

3. **Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.** Выберите правильный вариант.

- 1) Мен бос уақытта монета *жинаумен* әуестенемін.
- 2) Менің жинағымда *жүзден* астам жапсырма бар.
- 3) Сіздің топтамаңызда *неше* ойыншық әскер бар?
- 4) Данияр балалық *шақтан* марка жинаумен әуестенеді.
- 5) Менің туған күнім - 21 *қыркүйекте*.
- 6) Оның жинағында *мыңнан* астам зат бар.
- 7) Вебсайтта *оннан* астам ақпарат жазылған.

6. **Суреттегі адамдардың әуестігі туралы әңгімеленіз.**  
Расскажите об увлечениях людей на картинках.

немен әуестенеді? Қандай тақырып бойынша жинайды?  
кімдер/нелер бейнеленген? нешеден астам зат бар?



1. Карина ойыншық жинаумен әуестенеді. Оның жинағында жиырмадан астам ойыншық бар.
2. Динара ойын дискілерін жинаумен әуестенеді. Оның жинағында жүз елуден астам диск бар.
3. Әмірбек маркаларды жинаумен әуестенеді. Маркаларды атақты адамдар тақырыбы бойынша жинайды. Оның жинағында бес жүзден астам марка бар.
4. Юра өсімдіктер тақырыбы бойынша жапсырмалар жинаумен әуестенеді. Оның жинағында отыздан астам жапсырма бар.

7. **Оқыңыз.** Прочитайте.

### АТАҚТЫЛАРДЫҢ ӘУЕСҚОЙЛЫҒЫ



*Оразақын Асқар,  
қазақ ақыны*

Жазушы Оразақын Асқардың жинағында мыңнан астам қалам бар. Мұндай әуесқойлықпен балалық шақтан бастап айналысып жүр. Оразақын Асқардың жеке топтамасында әлемдегі ең алғашқы қаламдардың бірін көруге болады. Қазір оған қаламдарды достары сыйлайды.

Жинақтағы әр заттың тарихы бар. Мысалы, 25 жыл бұрын жазушының өз қолымен жасаған қаламы бар. Онда қызының фотосуреті бейнеленген. Атақты жазушының шабыт беретін қаламы да бар екен. Оразақын Асқардың айтуынша, ең жақсы өлеңдерін жазған қаламдарын ешкімге бермейді. Ол өзінің қалам жинағын мақтан етеді



*Дмитрий Менделеев, орыстың химик-ғалымы*

Орыстың ұлы химик-ғалымы бос уақытында шабадан жасаумен айналысқан. Көптеген атақты адамдарға ол шабадан тігіп берген. Тіпті кейбіреуі оны химик ретінде емес, шабадан тігінші ретінде ғана білді.



*Дэвид Рокфеллер, мультимиллионер*



Дэвид Рокфеллер қоңыздарды балалық шағынан бастап жинап жүр. Ол алғашқы қоңызды 1923 жылы тамыз айында ұстап алған. Ол кезде ол жеті жаста еді.

Қазір оның жинағында 90 мыңнан астам қоңыз бар.

Жинағында Диплотаксис Рокфеллер деп аталатын қоңыз бар.

Қазір биолог-ғалымдар Дэвид Рокфеллердің жинақтарын көшіріп жатыр. Ғаламторда мультимиллионердің барлық қоңыздары туралы ақпараттар, фотосуреттер бар.

Дэвидтің осы әуестігіне қызығушылығы соншама үлкен болғанына мынандай оқиға дәлел. Оның туған күні мен жылы - 1915 жылы 12 маусым. 1926 жылы туған күнінде ол достарымен, отбасымен бірге болмай, далалы жерге шығып серуендейді. Сонда қоңыздың сегіз жаңа түрін ұстап алады. Бұл Дэвид үшін туған күніне ең жақсы сыйлық болды.

### 8. Сұрақтарға жауап беріңіз. Ответьте на вопросы.

- 1] Оразақын Асқар немен әуестенеді? Оразақын Асқар қалам жинаумен әуестенеді.
- 2] Топтамасында неше қалам бар? Топтамасында мыңнан астам қалам бар.
- 3] Ол осы әуесқойлығымен қашаннан бері айналысып жүр? Балалық шақтан бастап айналысып жүр.
- 4) Дмитрий Менделеев не жинады? Дмитрий Менделеев ештеңе жинаған жоқ.
- 4] Ол қандай зат жасады? Ол шабадан жасады.
- 5] Неге оны химик-ғалым ретінде танымаған? Көптеген атақты адамдарға шабадан тігіп берді.
- 6] Дэвид Рокфеллер немен әуестенеді? Дэвид Рокфеллер қоңыз жинаумен әуестенеді.
- 8) Жинағында неше қоңыз бар? Оның жинағында тоқсан мыңнан астам қоңыз бар.

### 9. Дұрысын белгілеңіз. Отметьте правильный вариант.

	дұрыс	қате
1) Оразақын Асқар қалам жинаумен әуестенеді.	✓	
2) Бұл әуестігімен екі жылдан бері айналысады.		✓
3) Оның жинағында ескі қалам жоқ.		✓
4) Ақынның топтамасында мыңға жуық қалам бар.		✓
5) Дмитрий Менделеев шабадан жасаумен әуестенді.	✓	
6] Ол шабадан жасау мектебінде оқыды.		✓

7) Дэвид Рокфеллер өсімдіктерді жинайды.		✓
8) Ол қоңыздарды балалық шағынан бастап жинайды.	✓	
9) Оның жинағында 90000-нан астам қоңыз бар.	✓	
10) Биологтар оның жинағындағы қоңыздарды мұражайға береді.		✓

10. «Атақтылардың әуесқойлығы» мәтіні бойынша нақ осы шақтың күрделі түріндегі 3 етістікті тауып көзі. Найдите и перепишите 3 глагола из текста, «Атақтылардың әуесқойлығы» находящиеся в собственно-настоящем времени.

- 1) айналысып жүр; 2) жинап жүр; 3) көшіріп жатыр

11. Сұрақтарға жауап беріңіз. Ответьте на вопросы.

*Кім не істеп жатыр?*

теледидар көріп отыр

телефонмен сөйлесіп жүр

үйленіп жатыр

нан сатып алып жатыр

автобустан түсіп жатыр

ән айтып тұр

		
Сәкен автобустан түсіп жатыр.	Ғалымжан үйленіп жатыр.	Талғат теледидар көріп отыр.
		
Айнұр ән айтып тұр.	Ирина нан сатып алып жатыр.	Арман телефонмен сөйлесіп жүр.

12. Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлемді аяқтаңыз. Закончите предложения, используя приведенные слова.

Қажетті сөздер: *қарау, салыну, істеу, шығу, жинастыру, сұрау, соғу, өсу.*

- 1) Ол маған *қарап тұр.*
- 2) Мен төсбелгілерді «Спорт» тақырыбы бойынша жинастырып жүрмін.
- 3) Қала қонағы не істеп жатыр?
- 4) Желтоқсан көшесінде зәулім ғимарат салынып жатыр .
- 5) Гүлзарда қызыл, сары гүлдер өсіп тұр .
- 6) Біз тауға шығып жүрміз .

- 7) Мен қазір Әнелге телефон соғып отырмын.  
8) Сен қазір не сұрап тұрсың?

**13. Сөйлемдерді болымсыз түрде жазыңыз.**

Напишите предложения в отрицательной форме.

- 1) Нағашы көкем монета жинаумен әуестеніп жүр.  
Нағашы көкем монета жинаумен әуестеніп жүрген жоқ.
- 2) Қазір Астанада жаңбыр жауып тұрған жоқ.
- 3) Олар бассейнде жүзіп жүрген жоқ.
- 4) Біз алаңда велосипед теуіп жүрген жоқпыз.
- 5) Сен кинотеатрға бара жатқан жоқсың ба?
- 6) Мен газет оқып отырған жоқпын.

**14. Сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріңіз.**

Соедините вопросы с соответствующими ответами.

Сіздің сіңліңіз не істеп жатыр? Гүлжан шай ішіп жатыр  
Әкеңіз не істеп жатыр? Ол кісі газет оқып отыр.  
Сіз қазір жапсырма жинап жүрсіз бе? Жоқ, жинап жүрген жоқпын  
Сіз маркаларды желтоқсан айында сатып аласыз ба? Жоқ, қарашада.  
Сәрсенбіде не істедіңіз? Жұмыста болдым.

**15. Берілген сөздермен сөйлем құраңыз.**

Составьте предложения с приведенными словами.

- 1) Мен ойын дискілерін жинастырып жүрмін.
- 2) Сен спортпен айналысып жүрсің бе?
- 3) Ол «Өсімдік әлемі» тақырыбы бойынша маркаларды жинап жүр.
- 4) Сіз қазір не істеп жатырсыз?

**16. Тиісті жұрнақты жалғаңыз. Присоедините нужный суффикс.**

- |             |             |                 |
|-------------|-------------|-----------------|
| 1) оқу-шы   | 4) сурет-ші | 7) скрипка-шы   |
| 2) бокс-шы  | 5) ойын-шы  | 8) бас -шы      |
| 3) спорт-шы | 6) дүкен-ші | 9) кітапхана-шы |

**17. Сурет бойынша тиісті сөздерді жазыңыз.** Напишите соответствующие слова, опираясь на картинки.

Менің күйеуім – ансамбльде домбырашы.

Атақты боксшы біздің ауылға келді.

Мен бала кезімде баскетболшы болуды армандадым.

## ТЫҢДАЛЫМ

### 1. Тыңдаңыз, сұрақтардың дұрыс жауабын белгілеңіз. №10 аудиомәтін

Прослушайте, отметьте правильные ответы на вопросы.

#### Бірінші сұрақ.

10.05	✓ 10.11.	10.01
-------	----------	-------

#### Екінші сұрақ.

		<input checked="" type="checkbox"/> 
---	---	---

#### Үшінші сұрақ.

20	✓ 7	30
----	-----	----

### 2. Тыңдаңыз. Керек сөзді жазыңыз. №11 аудиомәтін

Прослушайте. Впишите нужные слова.

1. Мен қазір шет тілдері университетінде <i>төртінші</i> курста оқимын.
2. Сен неге сол фильмдерді <i>аудармайсың</i> ?
3. Ол <i>маған</i> өте жақсы идея берді.
4. Мен бұл идеяны курстастарыма <i>айттым</i> .
5. Фильмді мыңдаған <i>адамдар</i> көреді.
6. <i>Олар</i> жақсы көретін фильмдерін өз ана тілдерінде көре алады.
7. Біздің <i>әуес</i> ісіміз басқа адамдарға пайдалы деп ойлаймыз

### 3. Қайта тыңдаңыз, дұрыс жауапты белгілеңіз. №11 аудиомәтін

Прослушайте еще раз. Отметьте правильные ответы.

✓	Ол фильм аударумен айналысады.		Ол фильм сатумен айналысады.
	Оның негізгі жұмысы – фильм сату.	✓	Оның негізгі жұмысы емес.
✓	Ол фильм көруді жақсы көреді.		Ол фильм көруді жақсы көрмейді.
✓	Ол шет тіліндегі фильмдерді аударады.		Ол шет тіліндегі фильмдерді сатады.
✓	Олар фильмдерді Ютуб каналына салады.		Олар фильмдерді Ютуб каналына салмайды.

**4. Қайта тыңдаңыз. Дұрыс жауапты белгілеңіз. №11 аудиомәтін**  
Прослушайте еще раз. Отметьте правильные ответы.

<b>Ол фильмдерді аудару</b>	<input checked="" type="checkbox"/>	тілді тез үйренуіме көмектеседі	<b>деп ойлайды.</b>
		көп жұмыс	
	<input checked="" type="checkbox"/>	болашақ аудармашы болуға көп көмектеседі	
		қызық әрі жеңіл	
	<input checked="" type="checkbox"/>	басқа адамдарға пайдалы	
		уақытты босқа өткізу	